

Мемлекет экономикалық қаржысын реттеу

Жасаған: Жансая Албек

Тексерген: Джалимбетова Оксана
Сабитовна

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ,
ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ ФУНКЦИЯЛАРЫН ОР
ЫНДАУ ҮШІН ОНЫ ҚАЖЕТТІ АҚШАЛАЙ
РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН
ЕЛДІҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ
СФЕРАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ
ОЛАР ЭКОНОМИКА МЕН СОЦИУМДАҒЫ
САН АЛУАН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРДЫ
ҚАМТИТЫН МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ
ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ІС-ҚИМЫЛЫМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ.

-
- Экономикалық мәні жағынан мемлекеттің қаржысы мемлекеттің, оның кәсіпорындарының қаржылық ресурстарын қалыптастырып, алынған қаражаттарды мемлекет пен оның кәсіпорындарының функцияларын орындауға пайдалану үшін қоғамдық өнімнің құны мен ұлттық байлықтың бір бөлігін жасаумен, бөлумен және қайта бөлумен байланысты болатын ақшалай қатынастарды білдіреді

БӨЛГІШТІК ФУНКЦИЯДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫСЫН НЕҒҰРЛЫМ ТОЛЫҚ СИПАТТАУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІҢ РЕТТЕУШІ ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ ҚАЖЕТТІГІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ҚҰРАМДАС ҚОСАЛҚЫ ФУНКЦИЯЛАРДЫ БӨЛІП КӨРСЕТКЕН ЖӨН БҰЛ:

- 1) орналастыру;
- 2) қайта бөлгіштік;
- 3) тұрақтандыру қосалқы функциялары.

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

- Мемлекет әлеуметтік-экономикалық жүйеге ықпал ету мақсатымен өзінің түрлі деңгейдегі институттары арқылы жүзеге асыратын заңнамалық, әкімшілік және экономикалық сипаттағы шаралар жүйесі. Ол ұлттық экономикадағы жағдайға және әлемдік шаруашылықтың даму үрдісіне талдау жасау жолымен әзірленетін белгілі бір мемлекеттік саясатқа негізделеді.

- Түпкі мақсаттар және оларға жету жолдары айқындалады. Бұл үшін жанама және аралық мақсаттар тұжырымдалады, сонан соң олардың баспалдақтары, мақсаттар "шежіресі" жасалады. Мемлекеттік саясаттың дәстүрлі мақсаттары: тұрақты экономикалық өрлеу, бағаның тұрақтылығы (инфляцияны бақылау), жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейде болуы (жұмыссыздықтың төмендігі), сыртқы экономикалық тепе-теңдік (төлем теңгерімінің актив сальдосы, валюта бағамының тұрақтылығы).

-
- Мақсаттар тұжырымдалғаннан кейін Экономиканы мемлекеттік реттеудің оларға қол жеткізуі үшін қажет тетіктер мен құралдар айқындалады. Экономиканы мемлекеттік реттеу экономикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады, олар: ақша-несие саясаты, салық-бюджет тетіктері, экономиканың мемлекеттік секторын, мемлекеттік жоспарлау мен бағдарламалауды пайдалану. Экономиканы мемлекеттік реттеудің ажырағысыз бөлігі — әкімшілік құралдар (тыйым салу, рұқсат беру, мәжбүрлеу), сондай-ақ ерікті келісімдер

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өмірге қатысу нысандарының бірі, мемлекеттің жалпы мемлекеттік ресурстарды бөлуге және үйлесімділікті қалыптастыруға тікелей немесе жанама түрде ықпал етуі.

Нарықтық және корпоративтік реттеумен қатар қазіргі шаруашылықты экономикалық реттеу жүйесінің құрамдас нышаны болып табылады.

Қазіргі

кезде әкімшілік және құқықтық реттеу, тікелей және жанама экономикалық реттеу түрлері қолданылып жүр.

▣ **Әкімшілік**

реттеуге үлестеу, контингенттеу, лицензиялау, бағаны, табысты, валюта бағамын, есептеу пайызын, т.б. бақылау шаралары жатады.

▣ **Құқықтық мемлекеттік реттеу** азаматтық және шаруашылық заңдар негізінде осы заңдармен белгіленетін нормалар мен ережелер жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

▣ **Тікелей экономиканы**

реттеуде секторларды, салаларды, аумақтарды, кәсіпорындарды өтеусіз қаржыландырудың алуан түрлері пайдаланылады.

Бұған қарыз, демеуқаржы, жәрдемақы, бюджеттен және бюджеттен тыс қорлардан төленетін үстеме ақы, арнаулы қаржы, жеңілдікті несие және салық жеңілдіктері жатады.

▣ **Жанама экономиканы реттеуде** несие-

ақша, **салық**, амортизация, **валюта**, сыртқы экономика, кедендік-тарифтік саясаты сияқты тетіктер пайдаланылады. Осы тетіктердің көмегімен экономика мүдделер мен ынталандыруға әсер ете отырып, мемлекет тікелей өндіріс пен тұтынудың өзіне емес, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірушілер мен тұтынушылар ретіндегі іс-әрекетіне ықпал жасайды.

-
- 1930 – 1970 жылдары кейінстік постулаттарға негізделген жаңа мемлекеттік реттеу пайда болды.
Мысалы, *индикативтік және стратегия жоспарлау, жаңа қаржылық бюджеттік тетік қалыптастыру, экономиканы тұрақтандыру, жұмыспен қамту, кезеңдік ауытқуларды жұмсарту сияқты тәсілдер* пайдаланылды.